

МҰРАТБАЕВ NEWS

www.gmonline.kz



**КІТАП ОҚУ – РУХАНИ
КЕМЕЛДЕНУДІҢ КӨЗІ**

«SAMGAY» ЗИЯТКЕРЛІК ПӘНДІК ОЛИМПИАДАСЫ

Гимназияның мектепшілік цифрлық трансформациялау тәжірибе алаңы қызметкерлері мен педагог ұйымдастырушылары оқу-тәрбие жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 16 қараша күні дарынды балаларға арналған «Samgay» зияткерлік пәндік олимпиадасы ұйымдастырып, өткізуде.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПІКІРСАЙЫСТА ҮЗДІК АТАҢҒАН МЕКТЕП БАСШЫЛАРЫ

Жамбылдық директорлар мектеп басқару мен білім беруде ғана емес, пікір мен ой алмасып, сөз жарыстыруда да шебер.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПІКІРСАЙЫСТА ҮЗДІК АТАНҒАН МЕКТЕП БАСШЫЛАРЫ



Жамбылдық директорлар мектеп басқару мен білім беруде ғана емес, пікір мен ой алмасып, сөз жарыстыруда да шебер.

5-6 желтоқсан күндері Атырау қаласында ІІ республикалық «Director`s CUP» дебат турнирі аясында мектеп директорлары арасында өткен қазақша "QUIZ" зияткерлік сайысында Жамбыл облысының мектеп директорларының командасы І орынды иеленді.

10 облыстың командасы бақ сынасқан сайыста үздік атанған Жамбылдық команданың құрамында Байзақ ауданындағы Ғани Мұратбаев атындағы гимназияның директоры Наметқұлов Мұхит Жанұзақұлы және Тараз қаласы Төле би атындағы № 8 гимназия директоры Әзімбай Әлішер болды.

Қоғамдағы өзекті мәселелерді, саяси тақырыптарды талқылауда сөзге еркіндік беріп, ойға қанат бітіру кімге болса да оңай болмаса керек. Дегенмен, күнделікті мектеп өмірінен бас көтеріп, қоғамға деген жеке көзқарасты көрсету, пікір алмасу басшылар үшін бір серпіліс, жаңа шабыт болғаны анық.

Облыста тың идеяларымен таңдай қақтырып жүрген басшылардың пікірсайыс алаңында үздік атанғаны біз үшін үлкен мақтаныш.

Жеңістеріңіз құтты болсын!



«ЖАС ТОЛКЫН» ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ

Оқушының қабілетін, дарындылығын ашу және әрбір оқушының өз мүмкіндіктерін, икемділігін таныта білуіне жағдай жасау – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Соның ішінде зерттеушілік қабілеті - басты назарда! Бүгінгі күнде ғылыми жобаға деген оқушыларымыздың қызығушылығы артуда. 2-7, 8-11 сынып оқушыларына арналған республикалық жобаларды зерттеу конкурсының аудандық кезеңіне, гимназиямыздан 19 жұмыс ұсынылып, облыстық кезеңге 9 жұмыс жолдама алды. Алдағы республикалық жобаларды зерттеу конкурсының облыстық кезеңіне қатысатын оқушыларымыз бен жетекшілеріне сәттілік тілейміз!

Педагог-ұйымдастырушылар: А.З Ондасынова , Н.А.Қожабекова

Онлайн DEBATTLE ойыны

2022 жылдың 18 қараша күні Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының "Азамат" дебат клубы мен Түймекент орта мектебінің "Фемида" дебат клубының арасында мектепаралық тәжірибе алмасу мақсатында "Интернет цензурасы өзін-өзі ақтай ма?" тақырыбында тікелей эфирде DEBATTLE ойыны өтті. Онлайн кездесуді гимназиямыздың мектепішілік цифрлық трансформациялау тәжірибе алаңы қызметкерлері мен "Азамат" дебат клубы бірлесіп ұйымдастырды. Дебат қозғалысын мектебіміздің жас буынына жаңа форматта таныстырдық. Алдағы уақытта да осы форматтағы ойындарды @dc_azamat және @gmonline.kz каналдарынан тамашалай аласыздар!

КІТАП ОҚУ – РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУДІН КӨЗІ



2022 жылдың 15 қарашасында гимназиямыздың қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Республикалық "Үздік педагог" байқауының жеңімпазы, шебер ұстаз Күдериева Бақыт Жақсылыққызының ұйымдастыруымен мемлекеттік сыйлықтың иегері Шерхан Мұртазаның 90 жылдық мерейтойына орай, "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Ай мен Айша" романын талқылау танымдық іс-шарасы өтті. Танымдық шарада оқушыларға қаламгердің өнегелі өмірі мен Отаншылдық, ұлттық және адамгершілік құндылықтар насихатталды. Жазушының өз ғұмырынан сыр шертетін «Ай мен Айша» романын оқушылар жан-жақты талдап, өз ойларын ортаға салу арқылы тәрбиелік тағылым, өмірлік білім алды.

«SINERGY» МЕКТЕПТЕР ҚОҒАМДАСТЫҒЫ


2022 жылдың 24 қараша күні «SINERGY» мектептер қоғамдастығының кезекті кәсіби кеңесі онлайн форматта өткізілді. Кәсіби кеңеске Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы жетекші мектебі мен серіктес мектептер - Ю.Гагарин атындағы орта мектебінің және Қосақ негізгі мектебінің директорлары мен орынбасарлары, көшбасшы педагогтері қатысты.

Кеңес барысында кәсіби қоғамдастықтың жұмысын жүйелеу, тиімділігін арттыру, педагогтердің желілік қауымдастығының жұмысын үйлестіру мәселелері талқыланып, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату мақсатында мектептер арасында негізгі үш бағыт бойынша жұмыс жүргізу жоспарланды:

1.Мектептерде бірлескен педагогикалық диагностика жұмыстарын жүргізу.

2.Зерттеу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын серіктес мектептер арасында бейне трансляция жасауды ұйымдастыру.

3.Озық педагогикалық тәжірибені тарату жұмыстарын бірлесе үйлестіру арқылы ортақ жиынтық банкін құру.



18 қараша күні Тараз қаласы, Абай мектебінің базасында өткен

“Қазақтың біртуар ұлы - Дінмұхамед Қонаев” атты облыс-тық байқауынан, гимназиямыздың дарынды оқушылары топ жарды.

“Дара тұлға ізімен” эссе бағыты бойынша - 10 сынып оқушысы Дәренқызы Нұрай - I орын;

“Қазақ халқының кемеңгер ұлы Дінмұхамед Қонаев” ғылыми жоба бағыты бойынша - 10 сынып оқушысы Тазабек Шұғыла - III орынды иеленді.

Жетекшісі: Кудериева Бакыт Жаксылыковна

Гимназияның мектепшілік цифрлық трансформациялау тәжірибе алаңы қызметкерлері мен педагог ұйымдастырушылары оқу-тәрбие жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 16 қараша күні дарынды балаларға арналған «Samgay» зияткерлік пәндік олимпиадасы ұйымдастырып, өткізуде.

Зияткерлік пәндік олимпиаданың мақсаты оқушылардың оқу-танымдық қабілеттерін ынталандыру, пәндік білімдерін тереңдету, оқушыларды аудандық және облыстық олимпиадаларға қатыстыруға іріктеу және дайындықтарын пысықтау болып табылады.

Үшінші жылы өтіп жатқан олимпиада шымылдығын алғаш болып орта буын 5-6 сынып оқушылары ашып отыр.

«Samgay» зияткерлік пәндік олимпиадасынның жоспарына сәйкес алдағы уақытта 7-10 сыныптардан бақылау сынамасы алынатын болады.

«Оқуға құштар мектеп» рубрикасы

Павел Петрович Кирсанов воспитывался сперва дома, так же как и младший брат его Николай, потом в пажеском корпусе. Он с детства отличался замечательною красотой; к тому же он был самоуверен, немного насмешлив и как-то забавно желчен – он не мог не нравиться. Он начал появляться всюду, как только вышел в офицеры. Его носили на руках, и он сам себя баловал, даже дурачился, даже ломался; но и это к нему шло. Женщины от него с ума сходили, мужчины называли его фатом и втайне завидовали ему. Он жил, как уже сказано, на одной квартире с братом, которого любил искренно, хотя несколько на него не походил. Николай Петрович прихрамывал, черты имел маленькие, приятные, но несколько грустные, небольшие черные глаза и мягкие жидкие волосы; он охотно ленился, но и читал охотно, и боялся общества. Павел Петрович ни одного вечера не проводил дома, славился смелостию и ловкостию (он ввел было гимнастику в моду между светскою молодежью) и прочел всего пять, шесть французских книг. На двадцать восьмом году от роду он уже был капитаном; блестящая карьера ожидала его. Вдруг все изменилось.



И.С.Тургенев. «Отцы и дети»